

7M02103 – ВОКАЛДЫҚ ӨНЕР

мамандығы бойынша магистратураға тапсырушыларға арналған емтихан талаптары

I. КЕШЕНДІ ТЕСТІЛЕУ

1. Шет тілі бойынша тест (таңдау бойынша- ағылшын, неміс, француз тілдері).
2. Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест (таңдау бойынша – қазақ немесе орыс тілдері).

II. МАМАНДЫҚТАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Жеке бағдарлама талапкердің орындаушылық құзіреттілігін аша түсуі керек. Жеке бағдарламаның орындалу ұзақтығы 20-25 минут.

Бағдарлама:

«Опералық ән салу» мамандандырылуы

- көне ария;
- шетел композиторларының операсынан ария;
- орыс композиторларының операсынан ария;
- Қазақстан композиторларының операсынан ария;
- шетел немесе орыс композиторларының романсы
- Қазақстан композиторларының романсы немесе қазақ халық әні

«Камералық ән салу» мамандандырылуы

- көне ария;
- шетел, орыс, Қазақстан композиторларының камералық-вокалдық циклы (15 минуттан кем емес).
- қазақ халық әні

КОЛЛОКВИУМ

Коллоквиум үміткерлердің жалпы мәдени және кәсіби деңгейін, олардың эстетикалық көзқарастарын, музыкалық-теориялық эрудициясын және вокалдық өнер саласындағы білім тереңдігін анықтауға бағытталған. Ол музыкалық тарихтың негізгі кезеңдері мен даму заңдылықтарын түсінуін, арнайы әдебиеттер мен музыкалық терминологияны білуін, сондай-ақ орындалатын шығармалардың мазмұнын, формасын және стильдік ерекшеліктерін талдау қабілетін бағалауға мүмкіндік береді. Ерекше назар үміткерлердің вокалдық шығармаларды олардың көркемдік және стильдік сипаттамаларына сәйкес интерпретациялау қабілетіне аударылады.

Коллоквиумге арналған сұрақтар:

1. Дауыстың түрін анықтау және оның дауыс қою процесіндегі маңызы

2. Әнші дауысының қалыптасуындағы тыныс алудың рөлі, дем алу және дем шығару, тыныс алудың түрлері
3. Ән айтудағы көмейдің жұмысы, ән айтудағы көмейдің орналасуы.
4. Вокал ұстазының міндеттері және оған қойылатын талаптар.
5. Жүйке жүйесінің типтік белгілері және оның әншінің қалыптасуындағы рөлі.
6. Әншінің (студенттің) көркемдік және вокалдық-техникалық дамуының бірыңғай принципі.
7. Студенттің дене корпусы мен артикуляциялық аппаратын орнатудың эстетикалық негізі.
8. Әншілік тынысы туралы ғылыми деректер мен заманауи көзқарастар.
9. Дене корпусының орнықтылығы мен әншінің тыныс алуын дамытудың маңызы.
10. Дауыс сіңірі тербелісінің бұлшықет-еркіндік теориясы.
11. Дыбыс қомақтылығының (прикрытие) пайда болу тарихы және ғылыми деректері.
12. Дыбыс тірегінің рефлекторлық мәні туралы заманауи түсінік.
13. Әншілік дауысты тәрбиелеудің фонетикалық әдісі.
14. Италиян тілінің жоғары вокалдылығын анықтайтын фонетикасының ерекшеліктері.
15. Ән айтудағы дауыстың «жоғары позициясы» анықтамасы. Оған жету жолдары
16. Вокалдық есту қабілетінің рөлі мен дамуы.
17. «Орташа» және «аралас» анықтамаларының айырмашылығы неде?
18. Әншіні тәрбиелеудің фонетикалық әдісі.
19. Дауыс педагогикасының негізгі принциптері.
20. Вокализация түрлері (кантилена, еркін, филировка, триль).
21. Қазіргі кезеңдегі мұғалімге - вокалистке қойылатын талаптар.
22. Қазақстандағы вокалдық мектептің қалыптасуы мен дамуы
23. Қазақ вокал өнерінің негізін қалаушылар
24. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның вокалды өнері

Мамандық бойынша шығармашылық емтиханның ең жоғарғы бағасы 35 баллды құрайды. Ең төменгі өту балы-7.

«27-35 балл»(өте жақсы):

Талапкер өзінің жарқын музыкалық, орындаушылық қабілетінің жоғары деңгейін, музыкалық стильді сезінуін, орындаушылық үндесуінің мәдениетін көрсете білу керек.

«17-26 балл» (жақсы):

Талапкер авторлық мәтінді стилистикалық тұрғыда нақты орындайды. Бірақ, техникалық мүмкіншілігін көрсете алмайды. Орындаушылығының сапасы мен әртүрлілігінде айырмашылығы жоқ.

«7-16 балл» (қанағаттанарлық):

Орындайтын шығармалардың стилистикасы мен мазмұнына түсінігі

аздау, музыканың бейнелеуші құралдарын (интонация, есту қабілеті, фразировка, ритм) жеткіліксіз пайладануы.

«0-6 балл» (қанағаттанарлықсыз):

Ритмикалық еркін, техникалық және көркемдік дыбыс тазалығын нашар қолдануы; бағдарлама деңгейінің емтихан талаптарына сәйкес келмеуі.